

Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету ережесін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 433 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 14 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4425 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 2 қарашадағы N 633 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009.11.02 N 633 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Денсаулық сақтау-жүйесі туралы" 2003 жылғы 4 маусымдағы N 430-II, "Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі N 170-III және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі N 171-III Заңдарына с ә й к е с ,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету ережесі бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары денсаулық сақтау департаменттерінің басшылары (келісім бойынша) осы бұйрыққа сәйкес консультациялық-диагностикалық көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Емдеу-алдын алу ісі департаментінің директоры Б.С.Байсеркин осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаментінің директоры Д.В.Акрачкова осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға жіберсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі А.А.Ақановқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н
Д е н с а у л ы қ

Р е с п у б л и к а с ы
с а қ т а у

м и н и с т р і н і ң

№ 433 бұйрығымен бекітілген

Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы консультациялық-диагностикалық көмек көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже) азаматтарға лицензиясы болған жағдайда меншік нысаны мен ведомстволық тиесілігіне қарамастан консультациялық-диагностикалық көмек көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) консультациялық-диагностикалық көмек - тәулік бойы медициналық бақылаусыз мамандандырылған немесе жоғары мамандандырылған медициналық көмек;

2) мамандандырылған медициналық көмек - диагностиканың, емдеу және медициналық оңалтудың арнайы әдістерін пайдалануды талап ететін аурулар кезінде бейіндік мамандар көрсететін медициналық көмек;

3) жоғары мамандандырылған медициналық көмек - диагностиканың, емдеу және медициналық оңалтудың жаңа технологияларын пайдалануды талап ететін аурулар кезінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын медициналық ұйымдарда бейіндік мамандар көрсететін медициналық көмек;

4) бейінді маман - клиникалық бейіндегі белгілі бір мамандық бойынша сертификаты бар, жоғары медициналық білімді медицина қызметкері;

5) диагностика мен емдеудің кезеңдік хаттамалары - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен медициналық көмекті көрсету кезіндегі емдеу-диагностикалық іс-шаралардың ең аз нормативтері (бұдан әрі - хаттамалар)

6) бастапқы медициналық-санитарлық көмек маманы - тәуліктік медициналық бақылаусыз дәрігерге дейінгі немесе білікті медициналық көмек көрсететін медициналық қызметкерлер: учаскелік терапевт, педиатр, акушер-гинеколог, жалпы практика дәрігері (бұдан әрі - БМСК маманы);

7) емделуші - медициналық қызметті тұтынушы болып табылатын жеке тұлға

2. Консультациялық-диагностикалық көмек көрсетудің тәртібі

3. Консультациялық-диагностикалық көмек алдын алу, диагностикалық және емдеу қызметтері нысанында көрсетіледі.

4. Алдын алу қызметі:

1) БМСК мамандарымен бірлесе отырып, халықтың жекелеген топтарына алдын алу тексерулерін жүргізуді;

- 2) сырқаттардың жекелеген топтарына диспансерлік бақылауды;
- 3) айналасындағылар үшін қауіп төндіретін ауруларды, сондай-ақ кәсіби ауруларды болдырмау жөніндегі алдын алу медициналық іс-шараларын өткізуді;
- 4) негізгі аурулар кезінде қауіп-қатердің мінез-құлықтық факторларының алдын алуды қоса алғанда, салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды қамтиды.

5. Диагностикалық қызметтер:

- 1) зертханалық және аспаптық зерттеулерге медициналық айғақтары бойынша емделушілерді жіберуді;
- 2) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын (анықтамаларын) бере және ұзарта отырып, сырқаттардың уақытша еңбекке жарамсыздығына сараптама жүргізуді;
- 3) медициналық айғақтары бойынша сырқатты мамандандырылған немесе жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға стационарлық емдеуге жіберуді қамтиды.

6. Емдеу қызметі мыналарды қамтиды:

- 1) емделуші қиын жағдайдан шыққанға дейін жедел медициналық көмек бригадасы келгенге дейін шұғыл көмек көрсету;
- 2) медициналық айғақтары бойынша емделушіге дәрілік заттарды тағайындау ;
- 3) емдеуге жатқызуды талап етпейтін жоспарлы түрде хирургиялық операцияларды жүргізу ;
- 4) емдеу манипуляцияларын жүргізу;
- 5) медициналық айғақтар бойынша физиемшаралар тағайындау;
- 6) стоматологиялық көмек көрсету;
- 7) рецептер жазып беру, оның ішінде тегін/жеңілдікті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге ;
- 8) тәуліктік медициналық бақылау мен емдеуді талап етпейтін сырқаттарға емдеу, алдын алу және оңалту іс-шараларын жүргізу мақсатында стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсету;
- 9) тасымалдауға болмайтын сырқаттарды үйде консультациялық тексеруді жүзеге асыру.

7. Бейінді маман консультациялық-диагностикалық көмек көрсетуі БМСК маманының жолдамасы бойынша жүзеге асырылады.

8. Консультациялық-диагностикалық көмекті бейінді маман хаттамаларға сәйкес көрсетеді.

Хаттамалар болмаған жағдайда диагностикалық және емдеу қызметтерінің көлемі жалпыға бірдей тәсілдерге сәйкес медициналық айғақтар бойынша белгіленеді.

9. Бейінді маман емделушіге жүргізілген тексерулер мен емдеулер, сондай-ақ емделушіні одан әрі қарау жөніндегі ұсынымдар қорытындысын емделуші жіберілген дәрігерге жолдайды.

10. Стационардан шығарғаннан кейін емделушіні жағдайына және ұсынымының сипатына қарай одан әрі бақылауды бейінді маман немесе БМСК маманы жүзеге асырады.

11. Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету кезінде денсаулық сақтау ұйымдары мынаны қамтамасыз етеді:

1) лицензияға сәйкес сапалы медициналық көмек көрсетуді;
2) профилактиканың, диагностика мен емдеудің әдістерін, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган рұқсат берген дәрілік заттарды қолдануды;

3) айналасындағыларға қауіпті болып табылатын аурулардың, сондай-ақ кәсіби аурулардың алдын алу, диагностикалау мен емдеу жөніндегі профилактикалық медициналық іс-шараларды жүргізуді;

4) азаматтарға медициналық көмектің нысандары мен түрлері туралы тегін, жедел және шынайы ақпарат ұсынуды;

5) санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді сақтауды;

6) салауатты өмір салтын насихаттауды және халықты гигиеналық оқытуды;

7) басқа да денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара іс-қимыл мен сабақтастықты;

8) бастапқы медициналық құжаттарды жүргізуді, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысандар, түрлер, көлем, тәртіп пен мерзімдер бойынша есептер тапсыруды;

9) айналасындағыларға қауіпті болып табылатын жұқпалы аурулар, улану, психикалық және мінез-құлықтың бұзылу жағдайлары туралы денсаулық сақтау саласындағы тиісті мемлекеттік органдарға хабарлауды қамтамасыз етуді;

10) практикаға уәкілетті орган ұсынған аурулардың алдын алуды, диагностиканың және емдеудің жаңа әдістерін енгізуді.